

Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 12 тамыздағы N 62 "Аз қамтылған отбасылары және ең төменгі зейнетақы алатын зейнеткерлерге сонымен қатар аурулығына байланысты I-II-III топтағы мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 29 қантардағы N 99 шешімі. Ақтөбе облысының Әйтеке би аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 20 ақпанда N 3-2-71 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 28 шілдедегі № 257 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихаттың 2011.07.28 № 257 Шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы N 148 Заңының 6 бабына және 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95 Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің 56 бабының 4 тармағына сәйкес **аудандық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық мәслихаттың Әйтеке би аудандық әділет басқармасында 2008 жылғы 22 тамызда N 3-2-60 болып тіркелген 2008 жылғы 18 қыркүйекте аудандық "Жаңалық жаршысы" газетінің N 38 (1497)санында жарияланған 2008 жылғы 12 тамыздағы N 62 "Аз қамтылған отбасылары және ең төменгі зейнетақы алатын зейнеткерлерге сонымен қатар аурулығына байланысты I-II-III топтағы мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешімінің 1 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

1) Жан басына шаққанда орташа айлық табысы Ақтөбе облысы бойынша белгіленген кедейлік шегінен төмен аз қамтылған отбасыларына 1 (бір) айлық есептік көрсеткіші 2009 жылдан бастап 1,5 (бір жарым) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетілсін

2. Осы шешім ресми басылымда жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия тұрағасы,  
аудандық мәслихаттың  
хатшысы А.ЕРМАҒАМБЕТ*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК